

## **«Халық» сақтандыру Компаниясы» АҚ-тың 2021 жылғы қаржылық есептілігіне ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

«Халық» сақтандыру Компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Халық» сақтандыру Компаниясы» АҚ немесе Компания) Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109В мекенжайы бойынша орналасқан, заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109В, н.п. 9а. Бастапқы мемлекеттік тіркелу күні - 1998 жылғы 23 қазан, тіркеу нөмірі жоқ, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы, Код ОКПО - 38806193, «Казахинстрах» АҚ-ты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган – Алматы қаласы Алмалы аудандық Әділет департаменті. Компания өзінің сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «жалпы сақтандыру» саласы бойынша операциялар жасау құқығына 2020 жылғы 18 ақпанда берген № 2.1.71 лицензиясының негізінде жүзеге асырады. Компания мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайлардан сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, жеке сақтандыру және қайта сақтандыруға қатысты түрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Компанияның жай акциялары (ҰСН-KZ1C39450016) «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда еншілес ұйымдарға инвестициялар жоқ.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 99.99% (дауыс беретін акциялар) иелену үлесі бар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Компанияның ірі акционері болып табылады, қалған акционерлердің үлесі 0,01% - ды құрайды.

2011 жылғы 01 қаңтардан бастап инвестициялық портфель «HalukFinance» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ-на инвестициялық басқаруға берілді.

### **Компанияның қаржылық есептілігінде 2021 жылы болған өзгерістер мынадай көрсеткіштермен сипатталады:**

#### **Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте:**

##### ***Активтер шоттары бойынша өзгерістер:***

Жыл басынан бері жиынтық активтер 26,580,126 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды. Оның ішінде:

Ақпа қаражаты мен оның баламалары негізінен «кері РЕПО» операциясында орналастыруды азайту есебінен 1,473,828 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды.

Сату үшін қолда бар қаржы активтері 7, 806,705 мың теңге сомасына ұлғайды, оның ішінде:

- сатып алу есебінен ұлғаю 11,361, 386 мың теңгені құрады;
- өтеу/сату есебінен азаю 5,597,580 мың теңге құрады;
- дисконт/сыйлықақы амортизациясы есебінен және пайыздар есебінен ұлғаю 515,958 мың теңгені құрады;
- нарықтық күнның және бағамдық айырманың өзгеруі есебінен ұлғаю 334,288 мың теңгені құрады;
- құнсыздану бойынша резервті қалпына келтіру есебінен ұлғаю 1,192,653 мың теңгені құрады.

Өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ күн бойынша бағаланатын қаржы активтері 5,818,497 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды, оның ішінде:

- сатып алу есебінен ұлғаю 25,493,599 мың теңгені құрады;
- сату есебінен азаю 21,559,630 мың теңге құрады;
- дисконт/сыйлықақы амортизациясы есебінен және пайыздар есебінен ұлғаю 688,825 мың теңгені құрады;

• нарықтық құнның және бағамдық айырманың өзгеруі есебінен ұлғаю 1, 195, 703 мың теңгені құрады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек негізінен «мүлікті зияннан ерікті сақтандыру» және «автомобиль көлігін ерікті сақтандыру» сыныптары бойынша сақтандыру шарттарын жасасу есебінен, сондай-ақ «өзге қаржы шығындарынан сақтандыру» және «мүлікті зияннан ерікті сақтандыру» сыныптары бойынша кіріс қайта сақтандыру шарттарын жасасу есебінен 7,692,697 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві, қайта сақтандырушының үлесі 3,150, 724 мың теңгеге ұлғайып, -11,322,124 мың теңгені құрады.

Залалдар мен залалдарды реттеуге арналған шығыстар резерві, қайта сақтандырушының үлесі 2,587,058 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды, оның ішінде:

- болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандырушының үлесі 743,071 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды және 733,900 мың теңгені құрады;

- Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандырушының үлесі 3,330,129 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайып, 8,876,688 мың теңгені құрады.

Негізгі құралдар негізгі құралдардың істен шығуы және есептелген амортизация есебінен 75,911 мың теңге мөлшеріндегі сомаға кеміді.

Материалдық емес активтер негізінен амортизация есебінен 85,660 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік қорлардан қайта сыныптау есебінен 21,978 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар негізінен сақтандыру жөніндегі кейінге қалдырылған комиссиялар есебінен 1,423,241 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша активтер есептелген корпоративтік табыс салығы сомасының азаюы есебінен 50,097 мың теңге сомасына ұлғайды.

Өзге активтер 335,472 мың теңге сомасына кеміген. Бұл өзгеріс мүлікті қорлар санатынан сатуға, бағалы қағаздар эмитенттеріне қойылатын талаптардың азаюына, регресттік талаптар бойынша өтемақылардың ұлғаюына байланысты.

### **Өзге активтер:**

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Өзге қаржы активтері:</b>		
Регрестік талап бойынша өтем	2,945,061	1,591,928
Бағалы қағаздар бойынша берешек	437,652	1,866,037
Тендерлерге қатысқаны үшін клиенттерге кепілдік жарналар	186,849	213,652
Агенттік сыйақы	55,247	148,031
Сатып алушылардың берешегі	2,657	5,942
	<b>3,627,466</b>	<b>3,825,590</b>
<u>Құнсыздануға арналған резерв</u>	(2,019,510)	(2,065,009)
<b>Басқа да қаржы активтерінің жиынтығы</b>	<b>1,607,956</b>	<b>1,760,581</b>
<b>Басқа да қаржылық емес активтер:</b>		
Берілген аванстар	1,117,968	1,262,352
Сатуға арналған мүлік	982,825	1,298,974
Салықтар бойынша артық төлеу	97,771	9,835
Аяқталмаған құрылыс	39,249	-
Басқалары	203,160	48,319
	<b>2,440,973</b>	<b>2,619,480</b>
<u>Құнсыздануға арналған резерв</u>	(52,554)	(48,214)
<b>Басқа да қаржылық емес активтер жиынтығы</b>	<b>2,388,419</b>	<b>2,571,266</b>
<b>Басқа активтер жиыны</b>	<b>3,996,375</b>	<b>4,331,847</b>

***Міндеттемелер шоттары бойынша өзгерістер:***

Жыл басынан бері міндеттемелер жиынтығы 20,272,573 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды. Оның ішінде:

Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек шығыс қайта сақтандыру шарттарын жасасу есебінен 6,436,506 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві 11,625,576 мың теңге сомасына ұлғайып, – 36,201,696 мың теңгені құрады.

Залалдарды реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резерві 3, 280, 951 мың теңге сомасына ұлғайды, оның ішінде:

• орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві 476,016 мың теңге көлемінде азайды және -12,839,427 мың теңгені құрады;

• мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві 3,756,967 мың теңгеге ұлғайып, - 4,714,134 мың теңгені құрады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер негізінен кейінге қалдырылған салық активтерінің ұлғаюы есебінен 123,653 мың теңге сомасына кеміді.

РЕПО келісімдері 1,841,229 мың теңге мөлшерінде азайды.

Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер корпоративтік табыс салығы бойынша қаржылық төлемдерді есепке жатқызуға байланысты 422,286 мың теңге мөлшеріндегі сомаға кеміді.

Өзге де міндеттемелер 1,316,708 мың теңге мөлшерінде өсті. Бұл өзгеріс еңбекке ақы төлеу, регрестік талаптар бойынша қайта сақтандырушыға өтеу бойынша резервтердің және пайдаға салынатын салықтан басқа, төлеуге салынатын салықтардың ұлғаюына байланысты.

***Өзге міндеттемелер мыналардан тұрады:***

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Басқа да қаржылық міндеттемелер:</b>		
Сенімгерлік басқару бойынша сыйақы	412,922	342,457
Регрестік талаптар бойынша қайта сақтандырушыға өтем	271,718	-
Материалдар мен қызметтер бойынша берешек	86,895	80,243
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ алдындағы берешек	19,174	14,135
Қызметкерлер алдындағы берешек	6,515	1,452
<b>Басқа да қаржылық міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>797,224</b>	<b>438,287</b>
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер:</b>		
Бонустарға арналған резерв	1,104,331	819,114
Пайдаға салынатын салықтан басқа, төлеуге салынатын салықтар	748,083	171,646
Қайта сақтандырушылардан алынған аванстар	411,823	408,658
Пайдаланылмаған еңбек демалысы бойынша резерв	234,751	177,664
Басқа міндеттемелер	151,500	115,635
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>2,650,488</b>	<b>1,692,717</b>
<b>Өзге міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>3,447,712</b>	<b>2,131,004</b>

### **Капитал шоттары бойынша өзгерістер:**

Жыл басынан бері капитал жиыны 6,307,553 мың теңге сомасында ұлғайды. Оның ішінде:

Жарғылық капитал 24,802,627 мың теңгені құрайды.

Сатып алынған меншікті акциялар 39,305 мың теңгені құрайды.

Қосымша төленген капитал 1,793,631 мың теңгені құрайды.

Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві / (тапшылығы) оң қайта бағалау есебінен 104,980 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайып, 55,112 мың теңгені құрады.

Басқа резервтер негізгі құралдар резервін қайта бағалауды есептен шығару есебінен 10,006 мың теңге мөлшеріндегі сомаға кеміді және 726,365 мың теңгені құрады.

Бөлінбеген пайда 6,212,579 мың теңге мөлшерінде өсіп, 38,927,632 мың теңгені құрады. Бұл өзгеріс негізінен 4,208,366 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді төлеуге, 10,006 мың теңге мөлшерінде негізгі қаражат резервін қайта бағалауды есептен шығаруға және 10,410,939 мың теңге мөлшерінде таза пайда алуға байланысты.

### **Пайда мен шығындар туралы есептегі өзгерістер:**

2021 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша 2020 жылмен салыстырғанда мынадай өзгерістер болды:

Сақтандыру сыйлықақылары негізінен «көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі» және «мүлікті залалдан ерікті сақтандыру» сыныптары бойынша сақтандыру шарттарын жасасу есебінен, сондай-ақ «өзге қаржылық залалдардан сақтандыру» және «мүлікті залалдан ерікті сақтандыру» сыныптары бойынша кіретін қайта сақтандыру шарттарын жасасу есебінен 20,133,204 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары негізінен «мүлікті зияннан ерікті сақтандыру» сыныбы бойынша шығыс қайта сақтандыру шарттарын жасасу есебінен 4,033,145 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Тиісінше, қайта сақтандыруға берілген сыйлықақыларын шегергенде 16,100,059 мың теңге мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларының бабы бойынша ұлғаюы.

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервіндегі өзгеріс, нетто 6,391,391 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Қайта сақтандыруға берілгендерді шегере отырып, тапқан сыйлықақының бабы бойынша ұлғаюу тиісінше 9,708,668 мың теңге мөлшерінде соманы құрады.

Төленген шығындар, жалпы сома 32,992,895 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды, негізінен 2020 жылы «өзге қаржылық шығындардан сақтандыру» сыныбы бойынша ірі сақтандыру төлемі жүзеге асырылғандықтан.

Төленген шығындар, қайта сақтандырушылардың үлесі 38,623,387 мың теңге мөлшеріндегі сомаға кеміді, негізінен 2020 жылы «өзге қаржылық шығындардан сақтандыру» сыныбы бойынша ірі сақтандыру төлемі бойынша өтем алынғанына байланысты.

Шығындар резервіндегі және шығындарды реттеуге арналған шығыстардың өзгеруі, жалпы сома 37,492,862 мың теңге мөлшерінде ұлғайды, оның ішінде:

- орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің өзгеруі 860,279 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды;
- мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің өзгеруі 38,353,141 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Қайта сақтандырушының үлесінің өзгеруі және шығындарды реттеуге арналған шығындар мен шығыстар резервінде қайта сақтандырушыға қойылатын талаптар 37,183,814 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды, оның ішінде:

- болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандырушы үлесінің өзгеруі 970,533 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды;

- мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандырушы үлесінің өзгеруі 38,154,347 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Тиісінше, бап бойынша орын алған залалдар қайта сақтандыруға берілген залалдарды шегергенде 5,939,540 мың теңгені құрады.

Клиенттерді тарту шығыстары 1,743,794 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Сақтандыру қызметіне байланысты өзге де табыс 558,141 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Сақтандыру қызметіне байланысты өзге де шығыстар 416,695 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Тиісінше, бап бойынша ұлғаю сақтандыру қызметінен болған шығыстар, нетто 1,602,348 мың теңгені құрады.

Комиссиялық кірістер 60,059 мың теңге мөлшерінде ұлғайды.

Комиссиялық шығыстар негізінен автокөлікті және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша жасалған сақтандыру шарттары бойынша 2,817,198 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Тиісінше, комиссиялық шығыстар (нетто) бабы бойынша ұлғаю 2,757,139 мың теңгені құрады.

Инвестициялық табыс негізінен қаржы активтері бойынша пайыздық алу есебінен 1,436,323 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза табыс 1,059,389 мың теңге сомасына кеміді.

Басқа да кірістер 234 492 мың теңге мөлшерінде ұлғайды.

***Басқа да кірістер мыналардан тұрады:***

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Басқа табыс:</b>		
Кредиторлық берешекті есептен шығару	457,606	169,959
Сот шешімі бойынша тұрақсыздық айыбы және кірістер	143,420	137,182
Жалға беруден түсетін кіріс	61,433	62,853
Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсетін пайда	10,443	2,387
Басқалары	17,953	83,982
	<b>690,855</b>	<b>456,363</b>

Барлығы, бап бойынша өзге де кірістер 922,475 мың теңге мөлшеріндегі соманы құрады.

Операциялық шығыстар 1,478,980 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды, оның ішінде:

- жалақы және басқа да төлемдер 797,271 мың теңге көлемінде өсті;
- жарнама және маркетинг шығындары 286,038 мың теңге көлемінде ұлғайды;
- сенімгерлік басқару бойынша сыйақы 81,593 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды;

• әлеуметтік салық 75,578 мың теңге мөлшерінде ұлғайды.

Қаржы активтері және басқа да операциялар бойынша құнсыздануға резервті қалпына келтіру 1,289,019 мың теңге мөлшеріндегі соманы құрады және негізінен «Қазақстан Қағазы» АҚ дефолт облигацияларын өткізумен және «FincraftResources» АҚ дефолт облигацияларын өтеумен байланысты.

Өзге де шығыстар 16,311 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды және 11 149 мың теңгені құрайды.

**Өзге шығындар мыналардан тұрады:**

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Өзге де шығыстар:</b>		
БҚО АҚ шотын жүргізгені үшін	147	179
МЕА активтерінің шығуы бойынша шығыстар		1,927
Өкілдік шығыстар		200
Өзге де шығыстар	5	
Дебиторлық берешекті есептен шығару	482	
Басқа да шығыстарға тиындарды есептен шығару	48	53
Төленген аванстар бойынша шығыстарға есептен шығару	3,125	17,907
Сот орындаушысының қызметін өтеу	58	
Тендерге арналған шығыстар	46	48
Шығыстарды іске асыру тауарлық-материалдық қорлар		7,146
Медиация туралы келісім	7,238	
	<b>11 149</b>	<b>27,460</b>

Пайдаға салынатын салық бойынша шығысқа дейінгі пайда 1,008,658 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайды.

Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс 985,547 мың теңге мөлшеріндегі сомаға азайды.

Таза пайда 1,994,205 мың теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайып, 10,410,939 мың теңгені құрады.

**Басқарма Төрағасы**

**Бас бухгалтер – ББЕД директоры**



**Е. Камбетбаев**

**А. Анарова**